

Қазақ КСР үкіметінің әлеуметтік-мәдени мекемелерде шаруашылық жүргізудің жаңа шарттарын енгізу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 желтоқсан 1993 ж. N 1295

Әлеуметтік-мәдени мекемелерде бюджет қаражатын тиімді және нысаналы пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Әлеуметтік-мәдени мекемелерде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1987 жылғы 19 қарашадағы N 514 қаулысымен, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1988 жылғы 15 маусымдағы N 278 және 1988 жылғы 28 қарашадағы N 553 қаулыларымен, сондай-ақ Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылғы 10 шілдедегі N 127 және 1990 жылғы 20 тамыздағы N 188 өкімдерімен енгізілген шаруашылық жүргізудің жаңа шарттарының 1993 жылғы 1 желтоқсаннан күші жойылсын.

2. Бюджеттегі әлеуметтік-мәдени мекемелер бойынша жоспарлау мен қаржыландыру шығындары Қазақстан Республикасының бюджет атқару жөніндегі бюджеттік мекемелері үшін белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізілетін болып белгіленсін.

3. Қоса беріліп отырған тізбеге сай Қазақ КСР Үкіметі шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі